ӘРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Н ТУЫ

ТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

ноябрь | Жұма | Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын

*Әрбір партия ұйымының жауынгерлік қабілетін мейлінше арттыру қажет, партиялық және мемлекеттік тәртіпті онан сайын нығайта беру керек, ұйымдастыру жұмысын жақсартып, партия ұйымдарының өмірі мен жұмысында болып отырған кемшіліктермен күресте коммунистердің белсенділігін күшейту керек.*

**Н. С. ХРУЩЕВ.**

## ...екеттік ...айық

...алардың орындалуын
Ол партиялық және
өрескел бұрмалап,
үшін сауда-саттықпен
...ь Уставын бұзуды
. Осылай бола тұрса
қылықтарына Совет
...митеті төзіп келеді.
...некенсаяқ емес. Көню
...бір басшы қызметкер-
...рындауда басқаларға
...тыр. Аудандық Совет
...нің орынбасары Рули-
бөлімінің меңгерушісі
...лық төлеу жөніндегі
... Ал, аудандық сақ-
меңгерушісі Кундис
...шылығын есептен жа-
...сады. Жоғарыда аты
...ың партия мен мемле-
...ндықты жасыру, қан-
...көзбояушылыққа салы-
...кенін түсінетін уақыт

...съезінде қабылданған
...ммунистік партиясы
...артия мүшесі партия
...еріне бірдей міндетті
...млекеттік тәртіпті сақ-
...тияда екі тәртіп—бас-
...бір тәртіп, қатардағы

# Тракторларды жөндеуде еңбек үлгілі ұйымдастырылсын

☆ ☆ ☆

## Машина-трактор паркін дала жұмыстарына үлгілі әзірлейік

Партияның XIX съезі алға қойған социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудегі басты міндетті —егіншіліктің мәдениетін батыл көтеріп, дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру міндетін ойдағыдай шешу күресінде МТС-терге зор міндет жүктеледі. Олар тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының қуатын сарқа пайдаланып, дала жұмыстарын, әсресе, көктемгі дала жұмыстарын мезгілінде және сапалы атқаруға, сөйтіп, көктемгі егісті қысқа мерзімде агротехникалық ережелерге сәйкес өткізуге тиіс. Міне, тек осы жағдайда ғана дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру міндетін ойдағыдай шешуге болады.

Көктемгі егісті үлгілі өткізу және бұл науқанға техника күшін толық пайдалану үшін тракторлар мен тіркеу саймандарын осы күннен тыңғылықты жөндеуден өткізу қажет. Облысымыздың Интернационал, Ленин, Образцовая, Приешім, Налобин МТС-тері сияқты алдыңғы қатарлы МТС-тері күзгі-қысқы жөндеу жұмысына күнібұрын тыңғылықты әзірлік жүргізді. Бұларда мастерскойлар жөндеу жұмысына тыңғылықты әзірленді, жөндеу лапқа сай ұйымдастырылып отырған жоқ. Көптеген МТС-тер жөндеу жұмысына жеткілікті әзірліксіз кірісті. Мұның өзі тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеп, дала жұмыстарына әзірлеу ісін ойсыраған олқылыққа ұшыратып отыр. Облыс бойынша 20 ноябрьге дейін трактор жөндеудің тоқсандық жоспарының небары 15,6, плуг жөндеу жоспарының 8,4, лущильник жөндеу жоспарының 21,3 процент ғана орындалуы бұған толық дәлел.

Трактор жөндеу әсресе, Петропавл МТС-де өте мөте нашар. Мұнда күні бүгінге дейін бірде-бір трактор, бірде-бір культиватор жөндеуден өткен жоқ. Мұның себебі сол—МТС-те жөндеу мастерскойлары тыңғылықты жөндеуден өтпеді, жөндеу құрал-жабдықтары, қосалқы бөлшектер жеткілікті дайындалмады. Мұнда балқыту және жуу цехтары осы күнге дейін толық жөнделмеген, станоктар, әсресе, жаңадан алынған жөндеу құрал-жабдықтары орнатылмаған. Жаңадан салынып жатқан электр станциясының құрылысы бітпей, пайдалануға берілмеді.

МТС-те еңбек ұйымдастыру жолға коқа да ауылшаруашылық машиналары күрделі жөндеуден өтуге тиіс. Ал, мұндай машиналарды дала жұмыстарына әзірлеу ісі МТС басшылары мен механизаторлардан жөндеу жұмысының мәдениетін батыл көтеруді, тракторларды текқана тораптық әдіспен жөндеуді талап етеді.

Облыс МТС-терінде жөндеу жұмысы үлгілі ұйымдастыруға техникалық база да механизатор кадрлары да толық жеткілікті. Соңғы жылдары МТС-тер тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндейтін әртүрлі станоктар және басқа құрал жабдықтарды көптеп алды. Ал, бірқатар МТС-тер жаңадан мастерскойлар салып қосымша цехтар орнатты. Көптеген МТС-терде жөндеу мастерскойлары электр қуатымен қамтамасыз етілген.

Бірқатар МТС-тер осындай мол техниканы толық пайдалана алмай келеді. Мұндай МТС-терде тракторлар мен ауылшаруашылық машиналары ескі әдіспен жөнделуде. Мұның өзі тораптық әдісті қолданып меңгеруге, сөйтіп, жөндеу жұмысының сапасын жақсартуға үлкен нұқсан келтіруде. Жөндеу жұмысын ескі әдіспен жүргізу көп реттерде машиналардың са-

*Мал қыстату—мал шаруашылығындағы жауапты кезең*

## Таңдаулы мал өсірушілер

Октябрь ауданындағы Сталин атындағы колхоздың колхозшылары бесінші бес жылдық ішінде қоғамдық мал басын өсіріп, оның өнімділігін еселеп арттыру жолында қажырлы күрес жүргізуде.

Колхоздың озат мал өсірушілері партияның XIX съезінің қарарларын мінсіз орындау жолындағы социалистік жарысқа ұштасу нәтижесінде мал шаруашылығында қазірдің өзінде бірқатар табыстарға ие болды. М. Сабыржанов жолдас жылқы фермасында бірнеше жыл жұмыс істейді. Ол жылқы бағуда қажырлы еңбектің үлгісін көрсетіп, өткен жылы 28 биеден 20 құлын өсірсе, биыл 32 биеден 28 құлын алып, оларды түгел үйірге қосты. Озат жылқышы жылқының қысқы тебінін үлгілі ұйымдастырып отыр.

Т.Кератаева колхоздың қоғамдық малын өсіруге көптен еңбек сіңіріп келе жатқан адам. Ол— бұзау күтуші. Биыл көсемге жазған хатта қабылданған міндеттемелерді абыроймен орындау жолындағы социалистік жарысқа ұштасып, ол қарамағындағы 25 бұзауды шығынсыз өсірді. Мұнан кейін ол тағы да 18 бұзауды күтімге алды. Озат мал өсіруші бұл бұзауларды да күйлі және шығынсыз өсіріп жүр.

